

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алаяқтар Ұлттық қор атынан өтемақы ұсынуда

Соңғы уақытта әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде отандастарымызға Ұлттық қордан өтемақы төленетіндігі туралы жалған ақпарат таратылуда. Бұл ақпаратқа сәйкес, аталмыш өтемақыны Қазақстанның кез келген тұрғыны ала алады-мыс. "БЖЗҚ" АҚ мұның шындыққа сәйкес келмейтінін ескертеді және онда көрсетілген сілтеме бойынша өту Ұлттық қордың жалған сайтына әкеледі. Онда алаяқтар аңғал азаматтарды алдау жолымен олардың дербес деректерін, салық аударымдарын, еңбек өтілін, сатып алуға қабілетін, ЖСН біледі және осы мәліметтерді пайдалана отырып, банктегі шоттарынан ақша қаражатын ұрлауға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ, БЖЗҚ қазақстандықтарға аталған өтемақы төлемдері туралы жалған ақпараттың "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасына ешқандай қатысы жоқ екенін ескертеді. Естеріңізге сала кетейік, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы аясында 2006 жылы және одан кейін туылған Қазақстан азаматтары болып есептелетін барлық балаларға жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50% есептелетін болады. Бұл бағдарламаға қатысты барлық ақпаратты kids.enpf.kz ресми сайтынан, ал БЖЗҚ ұсынатын басқа да қызметтер туралы enpf.kz сайтынан тексеруге болады.

Есіңізде болсын, түсініксіз және күдікті сілтемелерді басу арқылы сіздер бейтаныс адамдарға өзіңіздің дербес деректеріңізді сеніп тапсыруыңыз мүмкін. Олар оны қитұрқы әрекеттеріне пайдалана алады.

Кез келген сұрағыңызға жауап пен қажетті ақпаратты [БЖЗҚ бөлімшелерінен](#) немесе enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы қашықтан,

"Одноклассники", Telegram, "Facebook", "В контакте", "Twitter" және "Instagram" сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp көмегімен тегін алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

